

**Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 280 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 384 қаулысы

1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 280 «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы № 4953 болып тіркелді, 2014 жылғы 16 тамызда, 2014 жылғы 19 тамызда, 2014 жылғы 20 тамызда, 2014 жылғы 23 тамызда, «Қостанай таңы» газетінде жарияланды) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*